

Әуежайларда май құю пункттерін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 11 шілде N 331

Қазақстан Республикасы Әскери-Әуе Күштерінің пайдалануына арналған авиакеросиннің стратегиялық запасын тұрақты жаңалауды ұйымдастыру және "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясының желісі бойынша жоспарлы жүк-жолаушылар тасымалын орындау үшін отын беріп тұру ырғақтылығын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Республика әуежайларында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы "Қазәскеритехимпекс" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына тиесілі авиациялық керосин құятын май құю пункттерінің жүйелерін құру туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ұсынысы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы "Қазәскеритехимпекс" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Алматы қаласының әуежайының аумағында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің терминалдарын пайдалана отырып әуе кемелерінің авиациялық отынмен жабдықтылып, басқа да әуежайларда май құю пункттерінің жүйесін

өрістететіндей етіп, май құю пункттерін ашсын.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігі 1996 жылдың 30 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының әуежайларында 1996 жылы әуе кемелерінің авиациялық отынмен жабдықтайтын май құю пункттерінің жүйелерін ұйымдастыру бағдарламасын әзірлесін.

Премьер-Министрдің
орынбасары

